Күнделікті нарыққа шолу

сейсенбі, 10 ақпан 2026 ж.

Қор нарықтары...

Қор индекстері	Мәні, теңге	Күндік өзгерістер	Жыл басынан өзг.
АҚШ			
S&P 500	6 965	0,47%	18,7%
NASDAQ	23 239	0,90%	0,0%
DJIA	50 136	0,04%	18,3%
CBOE Volatility Index (VIX)	17	-2,25%	-3,2%
Еуропа			
FTSE 100	10 386	0,16%	25,7%
DAX	2 130	1,18%	24,9%
Азия			
Hang Seng	27 027	1,76%	37,7%
Nikkei 225	57 063	5,18%	43,0%
Shanghai SE	4 123	1,41%	26,4%
Казақстан			
KASE	7 653	1,21%	34,8%

S&P 500 секторларын талдау	Market Cap	Күндік өзгеріс	Айлық өзгеріс	Жылдық өзгеріс
Communication Services	11 210 971 019 788	0,8%	-3,5%	10,2%
Consumer Discretionary	6 644 129 040 566	-0,6%	-0,7%	13,1%
Consumer Staples	3 644 075 400 898	-0,2%	8,3%	11,4%
Energy	1 799 087 596 247	0,3%	14,5%	16,2%
Financials	8 069 457 233 898	-0,8%	-3,1%	4,7%
Industrials	5 456 547 943 090	0,2%	5,6%	25,1%
Information Technology	19 941 366 353 272	1,4%	-0,6%	32,9%
Materials	1 178 070 946 781	1,0%	10,0%	19,4%
Real Estate	1 144 458 763 810	0,6%	3,1%	-3,7%
Utilities	1 318 537 715 939	0,3%	2,9%	13,7%
Health Care	5 322 127 980 449	-0,8%	-0,9%	5,9%

KASE акциялары	Мәні, теңге	Күндік өзгеріс	Жылдық өзгеріс
Халык Банк	394	0%	43,8%
Банк ЦентрКредит	4 770	0%	108,1%
Kcell	3 336	0%	-1,3%
Казатомпром	40 744	6%	99,2%
КазТрансОйл	1 018	7%	23,7%
КЕГОК	1 468	0%	-3,5%
Kaspi.kz	38 500	1%	-29,8%
КазМунайГаз	24 620	0%	68,3%
Эйр Астана	865	1%	-24,3%

Валюта	Мәні, теңге	Күндік өзгеріс	Жылдық өзгеріс
USD/KZT	493,11	-0,23%	-2,7%
RUB/KZT	6,40	0,00%	0,0%
CNY/RUB	10,85	0,50%	-1,3%
EUR/USD	1,1913	0,82%	1,7%

** Өзгеріс базистік пункттермен көрсетілген, 1 б.п. = 0,01%*

Дереккөз: Refinitiv Eikon

Өсу және құлдырау көшбасшылары S&P 500



Дүйсенбі күні қор нарықтары өсіммен жабылды: S&P 500 0,47%-ға көтеріліп, $6 964,82 деңгейіне жетті; Nasdaq Composite 0,90%-ға өсіп, $23 238,67 көрсетті; DJI 0,04%-ға қымбаттап, $50 135,87 болды. S&P 500 құрамындағы 11 сектордың 7-еуі сауда барысында оң динамика көрсетті. Өсім көшбасшылары Information Technology (+1,4%), Materials (+1,0%) және Communication Services (+0,8%) секторлары болды. Ал Health Care (-0,8%), Financials (-0,8%) және Consumer Discretionary (-0,6%) секторларында төмендеу тіркелді.

АҚШ-тың S&P 500 және Nasdaq қор индекстері дүйсенбідегі сауданы сенімді өсіммен аяқтап, сессияның әлсіз басталуынан кейін жоғары бағытта түзелді. Нарыққа негізгі қолдауды технологиялық сектор акциялары көрсетті, олар жасанды интеллектке қатысты алаңдаушылықтар салдарынан өткен аптадағы сатылымнан кейін қалпына келе бастады. Сонымен қатар инвесторлар Федералдық резерв жүйесінің пайыздық мөлшерлемелер бойынша алдағы саясатын нақтылауы мүмкін негізгі макроэкономикалық деректердің жарияларынын күтіп, сақтық танытты.

Осы аяда S&P 500 құрамындағы технологиялық сектор 1,6%-ға өсіп, жұма күні басталған оң үрдісті жалғастырды. Әсіресе бағдарламалық қамтамасыз ету сегментінде қалпына келу айқын байқалды: S&P 500 Software & Services индексі 2,9%-ға көтеріліп, жасанды интеллект саласындағы бәсекелестіктің күшеюіне байланысты болған ұзақ құлдыраудан кейін екінші күн қатарынан шығындардың бір бөлігін өтеді.

Сектордағы негізгі өсу драйверлерінің бірі Oracle компаниясы болды: DA Davidson аналитиктері ұсынымды «нейтральды» деңгейден «сатып алу» деңгейіне көтергеннен кейін компания акциялары 9,6%-ға қымбаттады. Технологиялық акцияларға қосымша серпін инвестициялық қоғамдастықтың пікірлері арқылы берілді. Truist Advisory Services компаниясының бас инвестициялық директоры Кит Лернер нарық жасанды интеллектке негізделген өнімдер бойынша өсімнің қайта жандануына қатысты хабарламаларды оң қабылдағанын атап өтті. Атап айтқанда, CNBC мәліметінше, OpenAI бас директоры Сэм Альтман қызметкерлерге ChatGPT ай сайынғы өсімі қайтадан 10%-дан асқанын хабарлаған.

Сонымен бірге нарықтағы оптимизмді барлық секторлар бірдей бөлісе қойған жоқ. Денсаулық сақтау секторында ең үлкен қысымды Waters компаниясының акциялары сезінді: бірінші тоқсанға арналған пайда болжамы Уолл-стрит күтулерінен төмен болғаннан кейін қағаздар 13,9%-ға арзандады. Секторға қосымша теріс әсер Becton Dickinson акцияларының әлсіреуінен туды, бұл өткен жылы сатып алынған бөлімшенің нәтижелерін қайта бағалаумен байланысты болды.

Апта бойы инвесторлардың негізгі назары АҚШ-тың макроэкономикалық деректеріне аударылады. Сәрсенбі күні қаңтар айына арналған ауылшаруашылық емес сектордағы жұмыспен қамту туралы есеп жарияланады, ал жұмада қаңтар айының тұтыну бағалары индексі шығады. Бұл көрсеткіштер ақша-несие саясатын жұмсарту мерзімдері жөніндегі нарықтық күтулерге түзетулер енгізуі мүмкін. CME Group-тың FedWatch құралына сәйкес, нарық қатысушылары қазіргі уақытта ФРЖ-ның биылғы алғашқы мөлшерлеме төмендеуін маусым айына бағалап отыр.

Жаһандық нарықтардағы қосымша белгісіздік факторы энергетикалық нарықтағы оқиғалармен байланысты болды. АҚШ Көлік министрлігі американдық түмен жүзетін кемелерге Ормуз бұғазы мен Оман шығанағынан өту кезінде Иранның аумақтық суларына барынша жақындамау жөнінде ұсыным бергеннен кейін мұнай бағасы өсті, бұл жеткізілімдердің бұзылуы мүмкін деген алаңдаушылықты күшейтті.







Дереккөз: Refinitiv Eikon

Біздің Centras Securities Telegram-арнамызға жазылыңыз немесе сілтеме арқылы өтіңіз https://t.me/centrassecurities

Біздің сайт: https://cesec.kz/

Байланыс

Аналитика департаменті

Байланыс:
+7 (727) 259 88 77 (вн. 722)

Эл.адрес:
analytics@centras.kz

Брокерлік қызмет көрсету

Байланыс:
+7 (727) 259 88 77 (вн. 608)

Эл.адрес:
broker@centras.kz

Сауда операциялары департаменті

Байланыс:
+7 (727) 259 88 77 (вн. 730)

Эл.адрес:
trade@centras.kz

Сату департаменті

Байланыс:
+7 (727) 259 88 77 (вн. 754)

Эл.адрес:
broker@centras.kz

Осы материалды АҚ “Сентрас Секьюритиз” -тің аналитика бөлімі дайындаған. Бұл жарияланған материал тек ақпараттық сипатқа ие және АҚ “Сентрас Секьюритиз” тарапынан қандай да бір қаржы құралдарын сатып алу, сату немесе қандай да бір мәмілеге қатысу туралы ұсыныс болып табылмайды. Бұл құжатта келтірілген ақпарат Bloomberg және KASE сияқты “Сентрас Секьюритиз”-тің сенімді деп санайтын дереккөздерден алынған. Алайда, АҚ “Сентрас Секьюритиз”, оның басшылығы мен қызметкерлері мұндай ақпараттың дәлдігіне, толықтығына және шынайылығына толық кепілдік бермейді және оны пайдалануға байланысты туындауы мүмкін клиент шығындары үшін жауапты емес. Бұл құжатта келтірілген бағалаулар мен пікірлер Компания аналитиктерінің жеке қорытындыларына негізделген. Аналитиктердің сыйақысы олардың дайындаған аналитикалық шолуларының мазмұнына немесе берген ұсыныстарының сипатына байланысты емес. Бұл ақпарат көпшілікке таратуға арналмаған және АҚ “Сентрас Секьюритиз”-тің алдын ала жазабаша рұқсатынсыз толықтай немесе ішінара көшіруге, таратуға немесе жариялауға болмайды.

Сентрас Секьюритиз, 2025 ж.